

Павлодар облыстық мәслихатының (III сайланған II сессиясы) 2003 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын" іске асыру жөніндегі облыстың іс-шаралар жоспары туралы" N 165/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының (III сайланған XIII (кезектен тыс) сессиясы) 2005 жылғы 26 тамыздағы N 58/13 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 19 қыркүйекте N 3046 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы (III сайланған II сессиясы) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі облыстың іс-шаралар жоспары туралы" N 165/2 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

бүкіл мәтін бойынша:

"Облыс экономика департаменті" деген сөздер "Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Облыс индустрия және сауда департаменті" деген сөздер "Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Облыс коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар департаменті" деген сөздер "Облыс жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Облыс әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту департаменті" деген сөздер "Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Облыс туризм және спорт департаменті" деген сөздер "Облыс дене тәрбиесі және спорт басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-реттік нөмірдің жолындағы:

2-баған мына редакцияда жазылсын:

"Облыстың индустриялық-инновациялық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеуді қамтамасыз ету";

5-бағандағы "жыл сайын" деген сөз алынып тасталсын;

7-1 реттік нөмірі мына мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"7-1.	Облыстың индустриялық-инновациялық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп, қаржы, ауыл шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, білім беру, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменттері, облыс бойынша қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасы (келісім бойынша)	2005-2006 жж.";
-------	---	-----------------------	--	-----------------

19-реттік нөмірдің жолындағы, 4-баған мына редакцияда жазылсын:

"Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті";

56-реттік нөмірдің жолындағы 4-баған мына редакцияда жазылсын:

"Облыс дене тәрбиесі және спорт басқармасы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қалалар мен аудандардың әкімдері";

58-реттік нөмірдің жолындағы 4-баған мына редакцияда жазылсын:

"Қалалар мен аудандардың әкімдері, көші-қон комитетінің Павлодар облысы бойынша басқармасы";

64-реттік нөмірдің жолындағы:

4-баған мына редакцияда жазылсын:

"Облыс табиғи монополиялардың қызметін реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті";

5-баған мына редакцияда жазылсын:

"2005 - 2006 ж. ж.";

68-реттік нөмірдің жолындағы 4-баған мына редакцияда жазылсын:

"Облыс бойынша қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасы" (келісім бойынша), облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті";

71-реттік нөмірдің жолындағы 4-баған мына редакцияда жазылсын:

"Облыс бойынша қаржылық бақылау басқармасы";

73, 76-реттік нөмірлердің жолдарындағы 4-баған мына редакцияда жазылсын:

"Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті";

83, 85-реттік нөмірлердің жолдарындағы 4-баған мына редакцияда жазылсын:

"Облыс ішкі саясат департаменті".

2. Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің

директорына көрсетілген өзгерістерді облыстық мәслихаттың сессиясына ұсыну
т а п с ы р ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

А. Касицин

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК